

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
2024 жылғы «29» 08
№ 400 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА

«Қауіпсіздік әліппесі»
(мектепалды даярлық тобы)

Ақтөбе 2024 жыл

Бағдарламаның негізі: Қарабаева Қ.А., Н.М.Слямбекова « Өмір қауіпсіздігін сақтау негіздері »
Алматы « Аруна » 2005 жыл

Құрастырған: Бисеналина Д.Н.- тәрбиеші

№41 «Назерке» мектепке дейінгі ұйымының педагогикалық кеңес отырысында
« Қауіпсіздік әліппесі » бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

« 26 » 08 2024 жыл

«№41 «Назерке» балабақшасы » МКҚК меңгерушісі:



Уртамбаева А.Г.
(аты-жөні)

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында « Қауіпсіздік әліппесі » бағдарламасы
мақұлданып және бекітілді.

Хаттама № 1

« 28 » 08 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы



Ж.Б. Шалабаева
(аты-жөні)

№41 « Назерке » балабақшасының тәрбиешісі
Бисеналина Дамегуль Нагиевнаның
« Қауіпсіздік әліппесі » бағдарламасына

П І К І Р

Қазіргі таңда тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана – сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу болып отыр. Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі. Бала өмірін қорғау, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру басты міндеттердің бірі. Егеменді еліміздің болашағы – балалар. Сондықтан да ата-ана мен балабақша баланың өмір қауіпсіздігін бірінші орынға қою керек.

Бұл бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларды өмірден кездесетін қауіптен сақтандыру мақсатында құрылып отыр. Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері мен ережелерін бала бойына балалық шақтан меңгертіп, өмір қауіпсіздігінің алдын алуға негізделген. Денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру, тұрмыстағы, көшедегі және табиғат аясындағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Бағдарламада бала денсаулығы, баланың бейтаныс адамдармен қарым-қатынасы, үй жағдайындағы, табиғат аясындағы, ойын алаңындағы, көшедегі, жолдағы, өрт қауіпсіздігі және байланыс құралдарының қауіпсіздігі тақырыптары қарастырылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтауда қауіпсіздік ережесін саналы түрде меңгерту, бала денсаулығын сақтау үшін маңызды деп біледі.

Бисеналина Дамегуль Нагиевна қауіпсіздік ережесін меңгертуде ойындар, жұмбақтар, тақпақтар, ертегілер, тосын сыйлар енгізген. Әрбір тақырыптар баланың жас ерекшелігін ескеріп таңдап алынған. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны баланың үздіксіз дамуын, дүниетанымын кеңейту, зейінін, есте сақтау қабілетін, ойлауын дамыту, қауіпсіздік ережесін сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында кешенді әзірленген. Ұсынылып отырған бағдарлама балабақшада жұмыс жасайтын тәрбиешілерге арналып дайындалған.

Психологиялық – педагогикалық және
арнайы білім кафедрасының Ц.Г.Д,
профессор: Гүребаева К.Ж.



Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі міндеттерінде бала өмірін сақтау және нығайтуға үлкен талаптар қойылып отыр. Бағдарлама қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі, мектеп жасына дейінгі балаларды өмірде кездесетін қауіпсіздіктің алдын алу жолдары туралы түсінік беру негізінде құрылды. Үйде, көшеде, табиғатта, келеңсіз жағдайда өзін-өзі қалай ұстау керектігі туралы мағұлмат беріледі.

Бағдарлама бір-бірімен байланысқан «Бала және бөгде адамдар», «Бала денсаулығы», «Бала үйде», «Бала және табиғат», «Бала және көше» бөлімдерінен тұрады. Бұл бөлімдер балалардың жас ерекшелігіне сай құрылып, күнделікті кездесетін келеңсіз жағдайлардан сақтануына жол ашады.

Қауіпсіздік ережесін меңгертуде қызықты жаттығулар, жұмбақтар, тақпақтар, дидактикалық ойындар, ертегілер, тосын сыйлар жас ерекшелігіне сай таңдалып алынды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектепалды даярлық топтарында тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық-педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесін ескере отырып құрылды.

«Қауіпсіздік әліппесі» бағдарламасы мектепалды даярлық тобына 1сағатқа енгізілді, 36 сағатты қамтиды. Аптасына 1 рет өткізіледі.

Бағдарлама өзектілігі: Өмірдегі қауіпсіздік ережелерінің маңыздылығын саналы түрде түсінуін, өз өмірлеріне жауапкершілікпен қарауды мектепке дейінгі ересек жастан қалыптастыру.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларды өмірде кездесетін қауіпсіздіктен сақтандыру. Балалардың адам денсаулығы қоршаған орта мен өзін-өзі ұстауына байланысты екендігі жайлы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Өз денсаулықтарына саналы көзқарастарын, өзінің денсаулығына құндылықпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

-Үйдегі қауіпсіздіктің ережелерін, қиын болған жағдайда шұғыл қызмет телефондарына хабарласу керек екенін үйрету;

-Көше және жол белгілері, көшеде өзін-өзі ұстау дағдыларын қалыптастыру;


-Ауа-райы жағдайының, табиғат құбылысының (ыстық, күн өту, аяз, боран, көктайғақ, мұз еру, күн күркіреу, найзағай) өзгерісінің адам өміріне қауіптілігі туралы түсінік беру, табиғатта өзін ұстау дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

-Үйдегі қауіпсіздікті сақтаудың қарапайым ережесін және жедел жәрдем, өрт сөндіру, полиция қызметтерінің телефон номерін біледі және атайды.

-Көше тәртібін, жол белгілерін, жаяу жүргінші белгілерін түсінеді, көшеде қауіпсіздік ережесін сақтайды.

-Жыл мезгілдерінде ауа-райы өзгерген жағдайда, адам өміріне қауіпті құбылыстар туралы және өзін-өзі қалай ұстау керектігін біледі.



Тақырыптық жоспар


№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Менің қауіпсіздігім өз қолымда	1
2	Шұғыл қызмет телефонымен таныстыру	1
3	Егер саған қауіп төнсе	1
4	Құммен ойнаймыз	1
5	Ойын алаңындағы қауіпсіздік	1
6	Деніміз сау болсын десен	1
7	Пайдалы тағамдар	1
8	Дәрумендер отбасы	1
9	Саңырауқұлақтарды ажырат	1
10	Электр бұйымдары әлемінде	1
11	Жарақаттың алдын ала білейік	1
12	Өрт қауіпсіздігі	1
13	От- қауіпті	1
14	Сіріңке –ойыншық емес	1
15	«Біз өрт сөндірушілерміз» ойыны	1
16	Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері	1
17	Қыс мезгіліндегі қауіп-қатер	1
18	Теледидардан нені және қалай көру керек?	1
19	Компьютер әлемі	1
20	Ұялы телефон	1
21	Көшедегі адасу	1
22	Қауіпті заттар әлемінде	1
23	Сақтансаң - сау боларсың	1
24	Мен – көшедемін	1
25	Жаяу жүргіншілер	1
26	Жол белгілері	1
27	Көше қиылысы	1
28	Арнайы көлік	1
29	Көліктегі тәртіп	1
30	Қуыршақ Сәулеге әжесін табуға көмектесейік	1
31	Су қауіпсіздігі	1
32	Судың пайдасы мен зияны	1
33	Ашық терезе -қауіпті	1
34	Күн өту	1
35	Найзағай	1
36	Ормандағы серуен	
Барлығы:		36

Handwritten signature


Күнтізбелік тақырыптық жоспар

Реттік саны	Тақырыбы	Бағдарламаның міндеттері	Сағат саны
1	Менің қауіпсіздігім өз қолымда	Балаларды үйде жалғыз қалғанда, келеңсіз жағдайда жеке басының қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Балалардың есте сақтау, зейінін, ойлауын дамыту. Өзіне ұқыпты қарауға, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу..	1
2	Шұғыл қызмет телефонымен таныстыру	Жедел жәрдем, өрт сөндіру және полиция қызметтерінің телефон нөмерін атауға және олардың қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың есте сақтау, сөйлеу, зейінін дамыту. Телефонмен сөйлесу барысында әдептілік көрсетуге, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.	1
3	Егер саған қауіп төнсе	Балаларға бейтаныс адамдарға есік ашпау, көлігіне отырмау, берген затын алмау, алданып қалмау туралы түсіндіру. Балалардың зейінін, есте сақтауын, сөйлеуін, дамыту. Өз өмірін сақтауға тәрбиелеу.	1
4	Құммен ойнаймыз	Құммен ойын барысында, құмның қасиеті сусымалы, құрғақ, дымқыл болатыны жөнінде білімдерін толықтыру. Құммен ойын кезінде ойын құралдарын пайдаланып, ұқыпты ойнау, қауіпсіздік шараларын сақтауға дағдыландыру. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
5	Ойын алаңындағы қауіпсіздік	Ойын алаңындағы қауіпсіздік ережелерін айтып түсіндіру. Құммен ойын кезіндегі, әткеншек тебу, карусельмен айналу кезіндегі сақтық шараларын айтып ұғындыру. Өздеріне белгіленген жерде ойнау керектігіне дағдыландыру. Балаларды ұжымды түрде, сақтықпен ойнауға тәрбиелеу.	1

6	Деніміз сау болсын десең	Балаларды өз денсаулығына қамқорлық жасауға, денсаулыққа зиян келетін жағдайлардан сақтандыруға үйрету. Жұқпалы аурулар және оны қоздырушылар туралы түсінік беру. Денсаулықтарын сақтай білуге тәрбиелеу.	1
7	Пайдалы тағамдар	Азық-түлік тағамдарының адамға тигізер пайдасы туралы түсіндіру. Дәрумендердің адам ағзасына қажеттілігі туралы білімдерін қалыптастыру. Денсаулыққа зиянды азық-түліктерден аулақ болуға баулу. Дұрыс тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу.	1
8	Дәрумендер отбасы	Дәрумендердің пайдасы және оның неде кездесетінін білуге үйрету. Пайдалы және зиянды азық-түліктерді ажыратуды қалыптастыру. Балаларды өз денсаулықтарына күтіммен карауға тәрбиелеу.	1
9	Саңырауқұлақтарды ажырат	Балаларды табиғатта өзін дұрыс ұстауға, сыртқы түріне қарап жеуге болатын, жеуге болмайтын саңырауқұлақты ажырата білуге үйрету. Балалардың есте сақтауын, зейінін дамыту. Табиғатта өзін ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1
10	Электр бұйымдары әлемінде	Балалардың тұрмыстық электр құралдары туралы, олардың қызметі және дұрыс пайдалану керектігі туралы білімдерін пысықтау Қауіптің алдын алу және болдырмау жолдарын қалыптастыру. Аңғарымпаздық пен сақтыққа тәрбиелеу.	1
11	Жарақаттың алдын ала білейік	Қауіпсіздік ережесі туралы түсініктерін кеңейту. Үйдегі, сырттағы қауіпсіздік ережелерінің негіздерімен таныстыру. Балалардың есте сақтау, зейінін, сөйлеуін дамыту. Үлкендердің айтқанын тыңдауға тәрбиелеу.	1




12	Өрт қауіпсіздігі	Балалардың өрт туралы түсініктерін кеңейту. Өрт болған жағдайдағы тәртіппен және өздерін қалай ұстау керектігін түсіндіру. 104 қызметінің жұмысы туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтауын дамыту. Өз өмірін сақтауға тәрбиелеу.	1
13	От- қауіпті	От қауіпті, оның шығу себептерін және ол жағдайда өзін қала ұстау керектігі туралы білімдерін кеңейту. Балаларға өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау талаптарын үйрету.	1
14	Сіріңке –ойыншық емес	Сіріңкенің не үшін қажеттілігін, оны балаларға ұстауға болмайтындығын, қауіпті екені жөнінде ойларын тиянақтау. Өз өмірін сақтауға тәрбиелеу.	1
15	«Біз өрт сөндірушілерміз» ойыны	Ойын желісінде өрт сөндіруші, дәрігер еңбегіне құрметпен қарауға үйрету. Ойын құралдарын қолдана білуді жалғастыру. Балалардың зейінін, ойлауын, сөйлеуін, ептілігін дамыту. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1
16	Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері	Балалардың жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы, ауа-райы жағдайындағы қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Танымдық қызығушылықтарын арттыру.	1
17	Қыс мезгіліндегі қауіп-көтер	Балаларға қыс мезгілінде болатын боран, аяз, көкмұз жөнінде түсінік беру. Олардан сақтанудың жолдарын айтып түсіндіру. Өз бетімен әрекет ете білуге дағдыландыру. Қауіпсіздікті сақтауға, өзін қорғауға тәрбиелеу.	1
18	Теледидардан нені және қалай көру керек?	Теледидар туралы мәлімет беру және теледидар қараудың қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Теледидар қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.	1




19	Компьютер әлемі	Компьютердің байланыс құралы ретіндегі қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесін естен шығармау дағдысын қалыптастыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
20	Ұялы телефон	Ұялы телефон кез-келген сәтте хабарласуға мүмкіндік беретіні туралы түсінік беру. Балалардың телефонды жөнсіз пайдалануы денсаулыққа зиян әкелетінін айтып түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.	1
21	Көшедегі адасу	Қала көшелері туралы түсінігін бекіту. Адасқан кезде бала өзі туралы, ата-анасы туралы, мекен-жайы туралы мәліметті білу керектігін түсіндіру. Балалардың есте сақтауын, ойлауын дамыту. Өзінің «кіші Отанына» деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
22	Қауіпті заттар әлемінде	Балаларға кесіп кететін, үшкір заттарды пайдалану тәртібі, бала қолдануға болмайтын кейбір заттар туралы білім беру. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауға тиіс заттар туралы түсінік беру. Қауіпті заттармен жұмыс жасаған кезде ұқыпты болуға тәрбиелеу.	1
23	Сақтансаң - сау боларсың	Ерте көктемдегі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Көктем мезгілінде болатын қауіпті жағдайлардан сақтану жолдарымен таныстыруды жалғастыру. Балалардың есте сақтау, сөйлеуін дамыту. Өз денсаулықтарына қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.	1
24	Мен – көшедемін	Көшедегі қауіпсіздік тәртіп дағдысын қалыптастыру. «Көше», «жол», «өтпе жол», бағдаршам және оның түстерінің қызметі туралы түсініктерін бекіту. Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.	1

А.А.А.

25	Жаяу жүргіншілер	Жол белгілерін ажырата білуге үйрету. Көшеде қауіпсіздік тәртіп ережесінің тұрақты дағдысын қалыптастыру. Жол тәртібін бұзған жағдайда не болатынын бала санасына жеткізу, жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу.	1
26	Жол белгілері	Балаларды көше белгілерімен (рұқсат етілуі, ескертуші) әрі қарай толықтыру, жол белгілерін білмегендіктен қандай жағдайларға душар ететіндігін түсіндіру. Өз өмірлеріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.	1
27	Көше қиылысы	Балаларға көше қиылысы туралы түсінік беру. Бағдаршам көрсеткішін қатаң орындау керектігіне көз жеткізу. Көшеде өзін ұстау дағдысына тәрбиелеу.	1
28	Арнайы көлік	Балаларды арнайы көліктердің (өрт сөндіруші, жедел жәрдем, полиция) қызметі туралы түсініктерін бекіту. Арнайы көліктер төтенше жағдайда адамдарға көмектесетіні туралы ұғымдарын қалыптастыру. Жол тәртібін сақтауға тәрбиелеу.	1
29	Көліктегі тәртіп	Қоғамдық көліктегі тәртіп ережесі туралы түсініктерін қалыптастыру. Үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1
30	Қуыршақ Сәулеге әжесін табуға көмектесейік	Үлкендердің рұқсатынсыз үйден шығып кетуге болмайтыны туралы түсінік беру. Танымайтын адаммен өзін қалай ұстау керектігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Сақтыққа тәрбиелеу.	1
31	Су қауіпсіздігі	Балаларға жыл мезгіліндегі су қауіпсіздігі, олардың бір-бірінен ерекшеліктерін көрсете отырып түсіндіру. Адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар болатыны туралы мағұлмат беру. Өзін-өзі қорғауға, қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға тәрбиелеу.	1



32	Судың пайдасы мен зияны	Балалардың су туралы және оның пайдасы мен зияны туралы білімдерін толықтыру. Суда және оның жағасындағы болатын қауіптер туралы балаларды таныстыру. Судағы қауіпсіздікті сақтау тәртібін орындаудың қажеттілігін түсіндіру.	1
33	Ашық терезе -қауіпті	Балаларға үйде жалғыз қалғанда өзін-өзі дұрыс ұстау туралы түсінігін бекіту. Ашық терезе бала өміріне өте қауіпті екенін түсіндіру. Есте сақтауын дамыту. Өз өмірлеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	1
34	Күн өту	Балаларға күн өту денсаулыққа зиян екенін түсіндіру. Күн өтудің алдын алу туралы түсініктерін кеңейту. Есте сақтауын дамыту. Денсаулықтарына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	1
35	Найзағай	Балаларды найзағай ұғымымен таныстыру, оның әсерінен күн күркіреу болатыны туралы мәлімет беру. Найзағадан қорғану ережелерін түсіндіру. Есте сақтауын дамыту. Қауіпсіздікті сақтай білуге тәрбиелеу.	1
36	Ормандағы серуен	Орманда үлкендерден алыс кетпеу, сіріңке тұтатпау, таныс емес өсімдіктерді, саңырауқұлақтарды термеу, қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Табиғатта тазалықты сақтау түсініктерін қалыптастыру. Табиғатта өзін-өзі дұрыс ұстауға, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
Барлығы:			36



Қолданылған әдебиеттер:

1. Негізгі әдебиеттер:

- 1.1. Қарабаева Қ.А., Н.М.Сламбекова Өмір қауіпсіздігін сақтау негіздері. Алматы «Аруна» 2005ж
- 1.2. Белая К.Ю. Формирование основа безопасности у дошкольников, пособие для педагогов дошкольных учреждений. –М.: Мозайка-Синтез Москва, 2013. – 64с.
- 1.3. Авдеева Н.Н. Безопасность учеб.- метод. пособие по основы безопасности жизнедеятельности детей ст. дошколь. возраста –М.: Детство-Пресс, 2007. -144с.

2. Қосымша әдебиеттер :

- 2.1. Ақыпбекұлы Ө.Т. « Керек кітап » 2006ж. Алматы кітап
- 2.2. Байборова Л.В. Методика обучения основам безопасности жизнедеятельности. Метод. пособие. –М.: ВЛАДОС: Золотые уроки России, 2003. – 271 с.
- 2.3. Жайдарбекова Ж.Н. Жаяу жүргіншілер мектебі. Алматы. 2006ж
- 2.4. Жүсіпова Д.З. Тіл дамытудың ғажайып әлемі. Алматы « Аруна » 2002ж
- 2.5. Керімбаев З.Н. « Жұмбақтар» 2009 ж. Алматы
- 2.6. Ғаламтор материалдары: Конспекты по ОБЖ:
 - « В мире электроприборов »
 - « Уроки осторожности »
 - « Будем здоровы »
 - « В мире опасных предметов »

3. Анықтама:

- 3.1. DARYNDY BALA сайт
- 3.2 « Балалар әлемі » сайт
- 3.3. « Kids Smart » сайт
- 3.4. « Baldauren » сайт